

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №1**  
**«2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БАЛАБАҚШАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ**  
**САЯСАТЫ МЕН БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ»**

**Өткізу күні:** 2025 жылғы 27 тамыз

**Форматы:** офлайн

**Мақсаты:** мемлекеттік білім беру саясатын жүзеге асыруда бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету және 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін айқындау.

**Ұзақтығы:** 90 минут

**Қатысушылар:** Әдістемелік орталықтың өкілі – әдіскер Қаримова Айжан Қуанышбекқызы, балабақша әкімшілігі, педагогтар.

### **1. КҮН ТӘРТІБІ**

1. Жаңа оқу жылындағы білім беру ұйымдарының қызметінің басым бағыттары (Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың, ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бектаевич Бейсембаевтың баяндамалары, «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру, оқу үдерісіне жасанды интеллект элементтерін енгізу, балабақша қызметінің тиімділік көрсеткіштері, академиялық адалдықты сақтау).

2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту (күн тәртібі, педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары, аттестация жоспары, вариативтік компонент).

3. Балабақшаның ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі (санитарлық нормаларды сақтау, тамақтандыру; қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету; қызметкерлерге арналған ішкі еңбек тәртібі; жұмыс кестесі).

*Кеңес барысы* Менгеруші Керимбекова Г.Б.:

Құрметті әріптестер, қош келдіңіздер! Бүгінгі педагогикалық кеңесімізге әдістемелік орталықтың әдіскері Қаримова Айжан Қуанышбекқызы қатысып отыр.

Бейнематериалдар көрсетілді:

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысындағы (15.08.2025) баяндамасы.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өзекті мәселелері.

**Тыңдалды:**

Әдіскер Қаюмова Қ.Р. – жаңа оқу жылындағы тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік хатқа түсініктеме берді, «Адал азамат» бағдарламасын, жасанды интеллектіні енгізу, педагог мәртебесін сақтау, кәсіби құзыреттілікті арттырудың маңызын атап өтті.

Кашина Т.В. – Білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау ережелерімен таныстырды (қосымша қоса берілді).

## 2-сұрақ: Жылдық жұмыс жоспарын бекіту

Жұмыс оқу жоспары, оқу жүктемесі, күн тәртібі, даму жоспары, педагогикалық кеңес жоспары, ішкі бақылау жоспары, әдістемелік кеңес жоспары, біліктілікті арттырудың перспективалық жоспары және басқа да құжаттар қаралды.

Вариативтік компонент:

- Экологиялық тәрбие беру-ересек топта;
- «Краеведение» -мектепалды топта.

Дауыс беру нәтижесі:

«Қолдағандар» – 10

«Қарсы» – 0

«Қалыс қалғандар» – 0

## 3-сұрақ: Ұйымдастырушылық-шаруашылық қызмет

1. Медбике Жолжаксинова Л.К. – санитарлық нормаларды сақтау және тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру мәселелері бойынша баяндады (қосымша қоса берілді).
2. Шомалова А.К. – шаруашылық жөніндегі орынбасар: қауіпсіз әрі инклюзивті орта қалыптастыру мәселелері бойынша баяндама жасады (қосымша қоса берілді).
3. Керимбекова Г.Б. – ішкі еңбек тәртібі ережелері мен жұмыс кестесін таныстырды.

## ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1-сұрақ бойынша:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хатты басшылыққа алу;
2. «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын сапалы іске асыру;
3. Академиялық адалдық ережелерін бекіту;
4. Жасанды интеллектіні қолдануда этикалық нормаларды сақтауға арналған ішкі құжат әзірлеу және бекіту;
5. Балабақша әкімшілігіне білім сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамыту, тәрбиеленушілердің оқу жетістіктерін жақсарту бойынша нақты міндеттер қою.

2-сұрақ бойынша:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын бекіту;
2. Жұмыс оқу жоспарын, оқу жүктемесін (тарификация), күн тәртібін, даму жоспарын, педагогикалық кеңес жоспарын, ішкі бақылау жоспарын, әдістемелік кеңес жоспарын, біліктілікті арттырудың перспективалық жоспарын және өзге де жоспарларды, вариативтік компоненты бекіту;
3. Жауапты тұлғаларға бекітілген жоспарлардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету.

3-сұрақ бойынша:

1. Балабақша әкімшілігіне қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды әзірлеу;
2. Шаруашылық жөніндегі орынбасарға – өрт қауіпсіздігі мен бейнебакылау жүйесін тұрақты тексеруді қоса алғанда, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету;
3. Шаруашылық жөніндегі орынбасар мен медициналық қызметкерге (келісім бойынша) санитарлық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету;
4. Медициналық қызметкерге (келісім бойынша) өнім сапасын бақылауды және тамақтануды ұйымдастыруда санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалау;
5. Балабақша қызметкерлеріне арналған ішкі еңбек тәртібі ережелері мен жұмыс кестесін бекіту.

Меңгерушісінің м.а.:

К.Р.Каюмова

Хатшы:

А.Ж.Курманалина

1. Керимбекова Г.Б.
2. Каримова А.К. - әдіскер әдістемелік орталығынаң
3. Каюмова К.Р.
4. Кашина Т.В.
5. Колесниченко М.В.
6. Ахметова Л.И.
7. Курманалина А.Ж.
8. Русакова А.А.
9. Қабыл М.Р.
10. Жолжаксинова Л.К.
11. Шомалова А.Т.